

Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1188 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 қыркүйектегі № 774 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.09.2015 № 774 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

1 1

қ а р а ш а д а ғ ы

N

1 1 8 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруға байланысты

тасымалдаушының залалдарын субсидиялаудың тәртібі мен шарттарын (бұдан әрі - субсидиялау) айқындайды.

2. Әлеуметтік мәні бар қатынастар (бұдан әрі - қатынастар) бойынша жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі конкурстың (бұдан әрі - конкурс) нәтижелері бойынша анықталған тасымалдаушының залалдары субсидиялауға жатады.

3. Конкурсты өткізуді ұйымдастырушылар:

1) облысаралық қатынастар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, Қазақстан Республикасы көлік кешенінің қызметін үйлестіруді, реттеуді және бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган);

2) ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша облыстық бюджеттен қаржыландырылатын жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыруға тиісті облыстардың әкімдіктері уәкілеттік берген атқарушы органдар (бұдан әрі - атқарушы органдар).

2. Субсидиялар мөлшерін анықтау тәртібі

4. Облысаралық қатынастарды уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі, ауданаралық (қалааралық) және ішкі қатынастарды жергілікті өкілетті және атқарушы органдар анықтайды.

5. Тасымалдаушының тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондарды ескере отырып, облысаралық қатынастардағы тасымалды жүзеге асыруға байланысты залалдары тиісті жылға арналған республикалық бюджетте көзделген сомашегінде субсидияланады.

Тасымалдаушының ауданаралық (қалааралық) және ішкі қатынастардағы тасымалдауды жүзеге асыруға байланысты залалдары тиісті жергілікті бюджеттерде көзделген сомалар шегінде субсидияланады.

Жолаушылар тасымалдауды қатынастар бойынша ұйымдастыруға арналған субсидиялардың жалпы сомасы, әлеуметтік мәні бар қатынастар тізбесін және осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген өндірістік көрсеткіштер негізінде магистральдық темір жол желісінің қызмет көрсетулері тарифтерінің деңгейін есепке ала отырып, жыл сайын тиісті бюджетте көзделеді.

Табиғи монополия саласында бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган жыл сайын, белгіленген тәртіппен жолаушылар тасымалдауды қатынастар бойынша жүзеге асыратын тасымалдаушылар үшін тиісті жылға субсидиялауға көзделген бюджеттік қаражаттарды есепке ала отырып, магистральдық темір жол желісінің қызмет көрсетулерінің тарифтеріне (бағаларына, ставкаларына, алымдарына) уақытша төмендету коэффициентін

б е к і т е д і .

Поездардың тізбесі, тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондардың саны, олардың әлеуметтік мәні бар қатынастарда қатынау кезеңділігі, осы поездардың, тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондардың субсидияланатын бөлігінің құрамдылығы уәкілетті және атқарушы органдар жыл сайын өткізетін Қазақстан Республикасындағы жолаушылар тасымалдауды талдаудың негізінде белгіленеді .

Әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар поездарының құрамында тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондардың, вагон-мейрамханалардың және багаждық вагондардың қатынастарын заңнамаға сәйкес қамтамасыз ететін тасымалдаушыларға табиғи монополиялар саласындағы бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган жыл сайын белгіленген тәртіппен осы вагондардың жүрісі үшін магистральдық темір жол желісінің қызметтеріне арналған тарифтерге (бағаларға, ставкаларға, алымдарға) уақытша төмендету коэффициентін белгілейді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.22 N 1272, 2009.09.11 N 1350, 2010.10.19 N 1076 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

6. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі тиісті бюджеттің шығыс бөлігіне енгізу үшін субсидиялар мөлшерін есептеу әр жолаушы поезы бойынша тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондарды ескере отырып, мынадай өндірістік көрсеткіштер негізінде жүргізіледі:

- 1) жолаушы айналымы :
тасымалданатын жолаушылар саны;
жол жүрудің орташа қашықтығы;
- 2) вагон айналымы (вагондардың жүрген жолы):
бағыттардың қашықтығы ;
поездың субсидияланатын бөлігінің құрамдылығы тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондар саны және қатынау жиілігі;
- 3) вагондардың сыйымдылығы;
- 4) бір жолаушы-километрдің өзіндік құны;
- 5) бір жолаушы-километрдің кіріс ставкасы;
- 6) бағыт шығыстары ;
тасымалдаушының пайдалану шығыстары;
магистральдық темір жол желісінің қызмет көрсетулері үшін төлем;
локомотивтік тарту қызметін көрсетулері үшін төлем;
- 7) бағыт кірістері .

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.10.19 N 1076 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

7. Тиісті бюджеттік бағдарламада көзделген соманың шегінде қатынастар бойынша темір жол көлігімен мынадай вагон санаттарында жалпы, плацкарт, купе, дизель және электр поездарының вагондары, тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондар, сондай-ақ мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз есебінен сатып алынған вагондарда жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының нақты залалдары субсидиялауға жатады.

Субсидияланатын қызметке байланысты нақты шығыстарды қалыптастыру кезінде тасымалдаушылардың осы Ережеге 4-қосымшада көрсетілген шығыстары ескерілмейді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.03.03 N 147, 2009.09.11 N 1350, 2010.10.19 N 1076 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

8. Конкурсқа қойылатын қатынастар бойынша билеттер бағалары көтерілуінің шекті деңгейін уәкілетті орган (атқарушы орган) белгілейді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.11. N 1350 Қаулысымен.

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі және жергілікті өкілді және атқарушы органдар айқындаған қатынастар негізінде уәкілетті және атқарушы органдар лоттарды қалыптастырады. Осы лоттар бойынша конкурстар оларды өткізу тәртібі мен мерзімдерін белгілейтін уәкілетті және атқарушы органдардың актілеріне сәйкес өткізіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.10.19 N 1076 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

10. Субсидиялардың ең аз көлемін ұсынатын және уәкілетті орган белгілеген міндетті қызметтердің тізбесімен қоса әлеуметтік мәні бар қатынастарда тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондарды ескере отырып, тасымалдауды үздіксіз жүзеге асыруды қамтамасыз етуге міндеттенетін тасымалдаушы жеңген болып танылады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.10.19 N 1076 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

11. Конкурстық комиссия конкурсты өтпеген деп таныған жағдайда конкурстық комиссия:

- 1) конкурсты қайтадан өткізу туралы шешім қабылдайды;
- 2) конкурсқа қатысуға тек қана бір әлеуетті өнім беруші жіберілген жағдайда, онымен Әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау туралы шарттар жасасады. Жасалған Шарттың бағасы бөлінген субсидиялардың сомасынан аспауға тиіс.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1302, 2009.09.11. N 1350 Қаулыларымен.

12. Егер конкурстың нәтижелері бойынша тасымалдаушы айқындалмаған болса, онда уәкілетті орган (атқарушы орган) осы Ережеге сәйкес есептелген субсидиялар сомасына Жолаушыларды ұлттық тасымалдаушымен қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын ұйымдастыруға шарт жасасады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.11.2013 N 1202 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13. Конкурс жеңімпазы мен уәкілетті орган (атқарушы орган) арасында уәкілетті орган (атқарушы орган) бекіткен нысан бойынша жасалған, онда негізгі шарттар, тараптардың құқықтары мен міндеттері, өткізілген конкурстардың нәтижелері бойынша тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондарды ескере отырып, белгіленген мөлшерде субсидияларды төлеу тәртібі мен мерзімдері белгіленген тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша тасымалды жүзеге асыруға байланысты залалдарын субсидиялау туралы шарт (б ұ д а н ә р і - ш а р т) ж а с а л а д ы .

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.10.19 N 1076 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

13-1. Ағымдағы қаржы жылына арналған тиісті бюджетте көзделген қаражат шегінде тасымалдаудың маусымдылығына және поездардың, тіркелмелі және тоқтамайтын вагондардың қозғалыс кестесінің өзгеруіне, сондай-ақ жолаушылар ағынына байланысты тараптардың өзара келісуі бойынша шартқа қосымша келісім жасау арқылы поездардың құрамдылығына, тіркелмелі және тоқтамайтын вагондардың санына және қатынау кезеңділігіне сәйкес субсидиялар сомасын қ а й т а қ а р а у ғ а ж о л б е р і л е д і .

Ескерту. 13-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.10.19 N 1076 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

14. Шарт үш жылға дейін мерзімін ұзарту құқығымен 1 жылдық мерзімге жасалады және келесі күнтізбелік жылдың 1-ші қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.11. N 1350 Қ а у л ы с ы м е н .

14-1. Шарттың қолданылу мерзімі тиісті бюджетте көзделген субсидиялар көлемінен аспайтын көлемде тендер шарттары орындалған және міндетті сақталған жағдайда келесі қаржы жылына ұзартылады.

Ескерту. 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.11. N 1350 Қаулысымен.

3. Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдары бойынша субсидияларды төлеу тәртібі мен шарттары

15. Республикалық бюджеттен субсидияларды төлеу тиісті қаржы жылына арналған стратегиялық жоспарға және төлемдер жөніндегі қаржыландыру жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.09.11. N 1350 Қаулысымен .

16. Бір облыс ішіндегі қалааралық және ауданаралық қатынастар бойынша жергілікті бюджеттен субсидияларды төлеу төлемдер жөніндегі қаржыландыру жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.07 N 1560 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .

17. Субсидияларды төлеу нақты жүзеге асырылған және жыл басынан бастап жолаушылар тасымалдауды орындау туралы есеппен және осы Ережеге 1-1 және 2-қосымшаларға сәйкес ресімделген, орындалған жұмыстар актісімен расталған тасымалдар бойынша ай сайын жүргізіледі.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.22. N 1272 қаулысымен .

18. Шартта конкурс жеңімпазы ұсынған субсидияның айлық сомасының 30 пайызына дейінгі мөлшерде алдын ала төлеу көзделуі мүмкін.

19. Тасымалдаушы ай сайын, есептіден кейінгі айдың 25-ші күніне дейінгі мерзімде ұйымның басшысымен, бас бухгалтерімен және мөрімен куәландырылған мынадай құжаттарды уәкілетті органға (атқарушы органға) ұсынады :

1) осы Ережеге 1 және 1-1-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жолаушылар тасымалын орындау туралы ай сайынғы есепті және жыл басынан бастап жолаушылар тасымалын орындау туралы есепті;

2) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындалған жұмыстар актісі ;

3) қатынас бойынша орындалған тасымалдар көлемін растайтын және осы пойызда тасымалданған жолаушылар, үлгілер бойынша вагондар саны, жолаушылар айналымы, тіркелген және тікелей қатынайтын вагондарды ескере отырып, вагондардың толуы туралы мәліметтерді қамтитын Ұлттық инфрақұрылым операторының құжаты;

4) тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторы, локомотивтік тарту

операторы арасындағы есептіден кейінгі айдың бірінші күніне өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі;

5) осы Ережеге 1-2, 1-3-қосымшаларға сәйкес темір жол жолаушылар тасымалын орындау кезіндегі шығыстар мен кірістер бойынша ай сайынғы е с е п т е р ;

6) осы Ережеге 1-4-қосымшаға сәйкес тасымалдаушының темір жол көлігімен жолаушылар тасымалын ұйымдастыру жөніндегі тікелей шығыстарының тізілімі;

7) тиісті ұйымнан жол жүру құжаттарын сатудан түсетін түсімдер бойынша с а л ы с т ы р у а к т і с і ;

8) осы тармақтың 1), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарда қамтылған көрсеткіштер есебін түсіндіретін есепке түсіндірме жазба.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.22. N 1272, 2009.09.11. N 1350, 2010.10.19 N 1076 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.12.07 N 1560 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.11.2013 N 1202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі). қаулыларымен.

20. Тасымалдаушылар осы Ереженің 19-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынған күнінен бастап уәкілетті орган (атқарушы орган) күнтізбелік 15 күн ішінде орындалған жұмыстар актісіне қол қояды және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Аумақтық қазынашылық органына осы Ережеге сәйкес субсидияланатын маршруттардың тізілімдері мен төлеуге арналған шоттарды ұ с ы н а д ы .

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.11.2013 N 1202 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21. Әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша темір жол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылар бағыттар бөлінісінде кірістердің, шығындардың және іске тартылған активтердің жеке есебін жүргізеді.

Ескерту. 21-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.11. N 1350 Қаулысымен.

Т а с ы м а л д а у ш ы н ы ң ә л е у м е т т і к
м ә н і б а р қ а т ы н а с т а р б о й ы н ш а
ж о л а у ш ы л а р т а с ы м а л д а у д ы ж ү з е г е
а с ы р у ы н а б а й л а н ы с т ы з а л а л д а р ы н
с у б с и д и я л а у е р е ж е с і н е
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.22. N 1272 қаулысымен.

**Жолаушылар тасымалдауды орындау туралы есеп
(ай сайын)**

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Ке.	По.	Қа.	Қа.	Қа.	Ва.	Құ.	Ва.	Жолау.	1 жо.	Жолау.	Бағыт
зең	езд	ты.	шық.	ты.	гон	рам.	гон.	шы ай.	лаушы	шылар	бой.
(ай)	N	нас	тық,	нау	тү.	дағы	дар.	налы.	-км	тасы.	ынша
				км	ке.	рі	ва.	дың	мы,	өзін.	мал.
					зең.		гон.	жүр.	жолау.	дік	данды
					ді.		дар.	ген	шы,	км	құны
					лігі		дың	жолы			
							саны	ваг/			
								км			

таблицаның жалғасы:

1 3			1 4		
Тасымалдар бойынша			Шығыстар		
шығыстар			жиыны мың		
			тг		
МТЖ	қыз.	Локо.	Тасымал.		
меттер		мотив	даушының		
көрсө.		тар.	шығыс.		
туі,		тымы.	тары		
мың	тг	ның	мың	тг	
		қыз.			
		меті			
		мың			
		тг			

Тасымалдаушы
Бас бухгалтер
М.о.

Тасымалдаушының әлеуметтік
мәні бар қатынастар бойынша

жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау ережесіне

1-1 қосымша

Ескерту. 1-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.12.22. N 1272 қаулысымен.

Жолаушылар тасымалын орындау туралы есеп
200__жылдың_____

(жыл басынан бастап)

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Кезең	Поезд N	Қатынас	Қ а - шық - тық, км	Қатынау кезеңділігі	Вагон түрі	Құрамдағы вагондардың орташа саны	Вагондардың жүрген жолы, ваг/км	Жолаушы айналымы, жолаушы, км	1 жолаушы, км орташа өзіндік құны, тг

кестенің жалғасы

11	12	13	14	15		
Жолаушылар тасымалданды	Жол бағыты бойынша кіріс, мың тг	Тасымалдар бойынша шығыстар		Кіріспен жабылмайтын шығыстар, мың тг		
		МТЖ қызметтері, мың тг	Локомотив тартымының қызметтері, мың тг		Тасымалдаушының шығыстары, мың тг	Шығыстар жиыны, мың тг

Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау ережесіне

1-2-қосымша

Ескерту. 1-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.11. N 1350 Қаулысымен.

Темір жолмен жолаушылар тасымалын орындау кезіндегі кірістер бойынша

20__жылғы_____есеп

Өзгелері (жеке және заңды тұлғалардың тапсырысы бойынша)

Е с к е р т п е :

1) Әлеуметтік мәні бар вагондар бойынша шығыстар, барлығы _____ мың теңге

2) Қазақстан аумағындағы әлеуметтік мәні бар вагондар бойынша шығыстар, барлығы _____ мың теңге

Басшы _____ Бас бухгалтер _____

Т.А.Ә. қолы Т.А.Ә. қолы

Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар

қатынастар бойынша жолаушылар

тасымалдауды жүзеге асыруына

байланысты залалдарын

субсидиялау ережесіне

1-4-қосымша

Ескерту. 1-4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.11. N 1350 Қаулысымен.

Тасымалдаушының темір жол көлігімен жолаушылар тасымалын ұйымдастыру жөніндегі тікелей шығыстарының тізілімі

_____ жылдың _____ айына

(тасымалдаушының атауы)

(мың теңге)

Кезең	Шығыстардың атауы	Шығыс құжаты	Шығыс құжаты бойынша сомасы	Вагондардың жалпы жүрісі, ваг-км	Субсидияланатын вагондар бойынша жүріс, ваг-км	Субсидияланатын вагондар бойынша шығыстар сомасы

Басшы _____ Бас бухгалтер _____

Т.А.Ә. қолы

Т.А.Ә. қолы

Тасымалдаушының әлеуметтік

мәні бар қатынастар бойынша

жолаушылар тасымалдауды жүзеге

асыруына байланысты залалдарын

с у б с и д и я л а у е р е ж е с і н е

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.11. N 1350; 11.11.2013 N 1202 қаулыларымен.

Орындалған жұмыстар актісі

200_жылғы " _ " _____

Біз, төменде қол қойғандар,

_____ (актілерді қабылдауға жауапты басшының қолы, Т А.Ә.)
бір тараптан және _____
(басшының, бас бухгалтердің қолы, Т.А.Ә.)
екінші тараптан, 200_жылғы _____ айы ішінде орындалған жұмыстардың осы актіні жасадық.

Поезд Рейс.	Вагон	айналымы	Бағытты субсидиялау			
N	тер	_____	сомасы (мың тг)			
		_____	_____	_____	_____	_____
		_____	_____	_____	_____	_____
1	2	3	4	5	6	7

200_жылғы _____ айына арналған субсидиялау сомасы _____ құрайды

(теңгедегі сомасы цифрмен және жазбаша)

Тараптардың заңды мекен-жайлары:

Уәкілетті орган:

Тасымалдаушы:

Б С Н

Б С Н

Банктік деректемелер

Банктік деректемелер

_____ (басшының қолы, Т.А.Ә.)

_____ (басшының қолы, Т.А.Ә.)

_____ (актілерді қабылдауға жауапты
басшының қолы, Т.А.Ә.)

_____ (бас бухгалтердің қолы,
Т.А.Ә.)

М.о.

М.о.

Тасымалдаушының
мәні бар
жолаушылар

элеуметтік
қатынастар
тасымалдауды

бойынша
жүзеге

асыруына байланысты залалдарын
субсидиялау ережесіне
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.11. N 1350
Қаулысымен.

Субсидияланатын бағыттардың тізілімі

200_жылғы "_ " _____

Р/с	N Бағыттың N	Жөнелту станциясы	Жеткізу станциясы	Бағытты сомасы	субсидиялау (мың тг)
1	2	3	4	5	

Субсидиялау сомасының жиыны: _____
(теңгедегі сомасы цифрмен және жазбаша)

Осы тізілімге мыналар қоса беріледі:

1. _____
2. _____

3. _____

Тасымалдаушы:

Уәкілетті орган:

(басшының қолы, Т.А.Ә.)

(басшының қолы, Т.А.Ә.)

(актілерді қабылдауға жауапты
басшының қолы, Т.А.Ә.)

(бас бухгалтердің қолы,
Т.А.Ә.)

М.о.

М.о.

Тасымалдаушының әлеуметтік мәні
бар қатынастар бойынша жолаушылар
тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты
залалдарын субсидиялау ережесіне

4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.11. N 1350
Қаулысымен.

Тасымалдаушылардың субсидияланатын қызметке байланысты нақты шығыстарын қалыптастыру кезінде ескерілмейтін шығыстардың тізбесі

Субсидияланатын қызметке байланысты нақты шығыстарды қалыптастыру кезінде тасымалдаушылардың мынадай:

1) нормативтен тыс техникалық және коммерциялық ысыраптар, тауарлық-материалдық құндылықтардың бүлінуі мен жетіспеуі және қоймалардағы тауарлар қорлары, басқа да өндірілмейтін шығыстар (жұмысты ұйымдастыру сапасына және басқа да факторларға байланысты әр түрлі сипаттағы ысыраптарды жабатын өндірістік қызметке арналған шығындар) мен ысыраптар;

2) ластағыш заттардың нормативтен тыс шығарындылары (тастандылары) үшін төленетін төлемдер;

3) үмітсіз борыштар (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі аяқталған дебиторлық берешек);

4) шаруашылық шарттардың талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы мен санкциялардың басқа түрлері;

5) кірісті жасырғаны (азайтқаны) үшін төленетін айыппұлдар мен өсімпұлдар;

6) ұрлықтардан келген зияндар;

7) ақаудан болған ысыраптар;

8) қызмет көрсететін шаруашылықтар мен учаскелерді ұстау (үй-жайларды тегін беру, қоғамдық тамақтандыру ұйымдарына коммуналдық қызметтер құнын төлеу және т.б.);

9) денсаулық сақтау объектілерін, мектепке дейінгі балалар ұйымдарын, оқу орындарын, оның ішінде кәсіптік-техникалық училищелерді ұстау;

10) сауықтыру лагерьлерін, мәдениет және спорт объектілерін, тұрғын үй қорын ұстау;

11) ұйым қызметкерлері тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, саяжай үйлерін сатып алуға және үй шаруашылығымен айналысуға алған несиелерді (пайызсыздарды қоса алғанда) өтеу;

12) мәдени-ағарту, сауықтыру және спорттық іс-шараларды (демалыс кештерін, концерттерді және басқаларды) өткізу;

13) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;

14) жолаушыларды темір жол көлігімен әлеуметтік бар қатынастар бойынша тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуге тікелей қатысы жоқ шығыстардың басқа да түрлері бойынша шығыстары ескерілмейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК